

# Қосымша білім және тәрбие

Тел.: 8 (7172) 64-27-31, e-mail: k.jurnal@mail.ru



Редакцияның мекен-жайы:

Нұр-Сұлтан қаласы, Кенесары к-сі, 40, «7 континент» БО, 15-қабат.

Тел.: 8 (7172) 64-27-31, e-mail: k.jurnal@mail.ru

Журнал ҚР Мәдениет және спорт министрлігінің есебіне қойылған.

2009 жылғы 20 ақпандағы № 9909-Ж есепке қою туралы куәлік. Жазылу индексі – 75289.

БҒМ РҚББОӨ

РУМЦДО МОН РК

## Мазмұны / Содержание

### Педагогикалық тәжірибе Педагогический опыт

Балалар шығармашылық орталығына - 80 жыл!  
Айдар А.Т.....2

Туристік байлау түрлері  
Жәрдемова Г.Е.....11

Оқушылардың мамандық таңдауына  
қосымша білім берудің рөлі  
Шакимова Г.Ж.....13

### Әдістемелік жұмыс Методическая работа

Дәулеткерей Шығайұлының туғанына - 200 жыл  
Шуақбаева Г.Т.....20

Развитие математических способностей у детей  
с ООП  
Бидайбаева А.А.....24



**Меншік иесі** – Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің «Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы» РМҚК (Нұр-Сұлтан қаласы)

#### Редакциялық кеңес:

**Шер Р.П.**, редакциялық кеңестің төрағасы, ҚР БҒМ РҚББОӘО директоры, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің кеңесшісі.

**Гончаров А.С.**, «Қалалық техникалық шығармашылық орталығы» ММ қосымша білім беру педагогі, «Радио және робот техникасы» үйірмесінің жетекшісі.

**Алтынбекова Ш.Д.**, Қарағанды қаласы «Балалар мен жасөспірімдер сарайы» КМҚК директоры.

**Мажитов М.К.**, Қарағанды қаласы ЮНЕСКО Клубы №2 Өнер мектебінің директоры.

**Ерубасева А.Ж.**, Павлодар қаласы, М.М. Катаев атындағы Оқушылар сарайының директоры.

**Оразова Т.Б.**, ЮНЕСКО клубы Балалар көркемсурет мектебінің директоры, Шымкент қаласы.

Сенгалиев О.Т., Ақтөбе қаласы Жас натуралистер станциясының директоры.

#### Шығарумен жұмыс жасағандар:

Бас редактор – Дауешова С.М.  
Жауапты редактор – Салбенбекова С.Д.  
Мәтінді терген – Хұрмет К.Х.

**Редакцияның мекен-жайы:** Нұр-Сұлтан қаласы, Кенесары к-сі, 40, «7 континент» БО, 15-қабат. Тел.: 8 (7172) 64-27-31, e-mail: k.jurnal@mail.ru

**Журнал ҚР Мәдениет және спорт министрлігінің есебіне қойылған.**

2009 жылғы 20 ақпандағы № 9909-Ж есепке қою туралы куәлік.

**Жазылу индексі** – 75289.

**Басылымның кезеңділігі** – жылына 4 рет.

Редакция материалдардағы ақпарат үшін жауап бермейді. Редакцияның пікірі автордың пікірімен әрдайым сәйкес келмейді. Қолжазбалар рецензияланбайды және қайтарылмайды.

Редакция мақалаларды, әдістемелік әзірлемелерді қысқартуға, редакциялауға және қажет болса, әдеби түзетулер жасауға құқылы. Респонденттердің материалдары қайтарылмайды және рецензияланбайды. Редакция хат алмаспайды.

## БАЛАЛАР ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫНА - 80 ЖЫЛ!

**Айдар Айгуль Тоқбергенқызы,**  
Мектеп олимпиадаларын және мектептен тыс іс-шараларды өткізетін облыстық «Жамбыл дарыны» орталығы, директордың оқу және тәрбие ісі жөніндегі орынбасары



Қосымша білім берудің мән-мағынасының артуы – оның балалар мен жасөспірімдердің бос уақытында еріктілік негізде шығармашылық және танымдық мотивациясын дамыту дербес талаптарын қанағаттандыру, өз еркіне сай мақсатты айналысуына, әсіресе кәсіп таңдауына жәрдемдесу, сөйтіп өмірге бейімдеу, салауатты өмір салтына тарту, сайып келгенде бос уақытты мазмұнды өткізуді ұйымдастыруға қажетті жағдай жасауында. Қосымша білім беру ұйымдары білімнің адам өмірі мен қоғамдағы рөлін балаларға түсіндіру арқылы олардың білімге, өнерге, мәдениетке деген қызығушылығын, ынтасын оятып, жеке қажеттіліктерін қанағаттандырады.

1938 жылдың сәуір айында Қазақстанның РКЛКСМ-ның шешімі бойынша Пионер үйі ашылды. 1991 жылы орталық «Облыстық балалар мен жасөспірімдер орталығы» атауына ие болды. Жамбыл облыс әкімдігінің 27.05.2009 ж. № 188 қаулысына сәйкес «Облыстық балалар мен жасөспірімдер орталығы» атауы «Мектеп олимпиадаларын және мектептен тыс іс-шараларды өткізетін облыстық орталық» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны болып өзгертілді.

2015 жылы Жамбыл облысы әкімдігінің 30.07.2015 ж. № 177 қаулысының негізінде

мекеме қайта құру жолымен Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасының «Мектеп олимпиадаларын және мектептен тыс іс-шараларды өткізетін облыстық орталық» коммуналдық мемлекеттік мекемесі болып өзгеруіне байланысты қайта тіркеледі. 2019 жылы Жамбыл облысы әкімдігінің 19.11.2019 ж. № 266 қаулысының негізінде мекеме қайта құру жолымен Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасының «Мектеп олимпиадаларын және мектептен тыс іс-шараларды өткізетін облыстық «Жамбыл дарыны» орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі болып өзгеруіне байланысты қайта тіркеледі. Бүгінгі таңда жаңа білімді адамды қалыптастыру барысында мектептен тыс қызметі күннен-күнге ұлғая түсуде. Сондай қызметтерінің бірі – қосымша білім беру мекемелерінің жұмыстары. Жамбыл облысы білім басқармасына қарасты Мектеп олимпиадаларын және мектептен тыс іс-шараларды өткізетін «Жамбыл дарыны» орталығында 1783 оқушы түрлі үйірмелерге қатысып, 80-нен аса тәрбиеленуші халықаралық, республикалық, облыстық байқаулардың жеңімпаздары атанып, облысымыздың мақтанышына айналды. Бүгінгі таңда орталық қызметкерлері 6 бағыт бойынша үздіксіз еңбек етуде.

Аталмыш мекемеде екі ауқымды орталық қызмет атқарады:

I. Қосымша білім беру бағыты  
«Ақпараттық-әдістемелік» бөлімі;  
«Бұқаралық ұйымдастыру» бөлімі;  
«Қосымша білім беру» бөлімі;  
«Кәсіби бағдар беру» бөлімі;  
«Дарынды балалармен жұмыс».

II. Ғылыми бағытта «Жамбыл дарыны» орталығы.

«Интеллектуалдық іс-шаралар» бөлімі;  
«Педагогикалық шеберлік» бөлімі;  
«Ақпараттық IT» бөлімі;

**«Дарындылықты дамыту  
психологиясы» бөлімі**

80 жылдан аса тарихы бар Мектеп олимпиадаларын және мектептен тыс іс-шараларды өткізетін облыстық «Жамбыл дарыны» орталығы - облыс көлеміндегі

балаларға қосымша білім беру ұйымдарының ресурстық орталығы ретінде Қазақстан Республикасындағы білім беру кеңістігінде өзінің орнын нақты айқындап алды.

Педагог – мамандық болса, ұстаздық адам бойындағы ұлы қасиет. Бүгінгі жаңа дәуірдің қосымша білім беру мекемелеріндегі педагогтеріне қояр талабының жүті ауыр, олар үлгі боларлық бар жақсылық атаулының ең биігінен көрінуі тиіс.

I. Мекеменің қосымша білім беру бағытында әр бөлімнің орны ерекше.

### Ақпараттық-әдістемелік бөлім



«Ақпараттық-әдістемелік» бөлім қызметінің басты мақсаты – оқу үрдісінің тиімділігін арттыру, оны үйлестіру, сол сияқты «Республикалық қосымша білім беру оқу әдістемелік орталығының» талаптарына сай тиімді бақылауды жүзеге асырады. Бөлімнің ұйымдастыруымен қосымша білім беру ұйымдарының қызметкерлеріне арналған ғылыми тәжірибелік конференциялар, озық тәжірибелерді тарату және тәжірибе алмасу мақсатында директор, директордың орынбасары және әдіскерлерге арналған аудандық қосымша білім беру ұйымдарында көшпелі семинар-

практикумдар, вебинарлар, конференциялар, шеберлік сыныптар және шығармашылық шеберханалар ұйымдастырылады. Әдістемелік-ақпараттық қорды толықтыру мақсатында облыстық әдістемелік озық тәжірибе материалдарын жинақталады. Қосымша білім беру ұйымдарына арналған «Педагогикалық идеялар жәрмеңкесі» ұйымдастырылды. 2013 оқу жылынан бастап қосымша білім беру ұйымдарының педагогтері арасында «Үздік қосымша білім педагогі» байқауы өткізілді. Жыл сайын аудандық (қалалық) қосымша білім беру ұйымдарының сандық және сапалық құрамы туралы ақпараттар жинақталып, талданып отырады. Орталықтың педагог-ұйымдастырушылары облыстағы қосымша білім беру ұйымдары жұмысының жай-күйіне талдау жасайды. Педагогтеріне әдістемелік көмек көрсетеді. Аудандық қосымша білім беру ұйымдарының жұмысын үйлестіреді. Ақпараттық-әдістемелік бөлімнің бағытының бірі «Табыс» педагогикалық шеберлік мектебі – екі бағыт бойынша қызмет көрсетеді: жас мамандармен жұмыс және қосымша білім беру педагогтердің тәжірибесін зерттеу мен жалпылау бойынша жұмыстарын жүйелейді. Бөлімнің әдіскерлері жас мамандардың кәсіби дамуына жағдай жасап, тәжірибелі педагогтердің шеберліктерін жетілдіреді.



Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Н. Назарбаевтың «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері»



Қазақстан халқына Жолдауын іске асыру мақсатында «Цифрлы Қазақстан» бағдарламасы аясында орталықта IT-сынып және технопарк ресми түрде ашылды. Аталмыш IT-сынып «Нұр Отан» партиясының «Балаларға арналған ақысыз IT-сынып ашу» бастамашыл жобасы аясында ашылды. Аталған сыныптың ашылуындағы негізгі мақсат – еліміздің ақпараттық-цифрлық әлеуетін дамыту, жаңаша ойлайтын зияткерлік ортаны қалыптастыру, жоғары деңгейдегі IT мамандарын дайындауға үлес қосу және оқушылардың IT технологияға қызығушылығын арттыру. IT-сыныпта және технопарк бойынша 4 топ құрылып, аталмыш сыныпқа арналған барлық құрал-жабдықтармен, оқу құралдары және компьютерлермен қамтамасыз етілген.

Сонымен қатар, IT-сыныпта, технопарк оқушылардың сабақ оқу және құрал-жабдықтармен жұмыс істеудегі ескертпе стендтері, робототехника және 3D модельдеу үстелдері, құрал-жабдықтары орнатылған. IT-сыныпта 8 және 16 жас аралығындағы оқушылар «STEM centr» академиясы 3 модульден тұратын оқу бағдарламасы бойынша білім алуда.

Бағдарламаның мақсаты – LEGO Mindstorms оқыту, үйрету конструкторы, 3D модель жасау, Scratch бағдарламасымен оқушылардың ақпаратты алу, өңдеу, тасымалдау, сақтау және қолдану процестері туралы іргелі білімді жан-жақты, әрі саналы түрде меңгеруін қамтамасыз ету және соның негізінде оқушыларға қазіргі кездегі әлемнің ғылыми бейнесін қалыптастырудағы ақпараттық процестердің мәнін және ақпараттық қоғам дамуындағы IT-сыныбының ролін ашу болып табылады. Бүгінде IT-сынып оқушылары облыстық, республикалық, халықаралық байқауларға қатысып келеді. «KazRobotics-2019» облыстық байқауында үздіктер қатарынан көрініп, «Робототехника және 3D модельдеу» курстарынан өту барысында «Сызбамен жүру қозғалтқыштары», «Arduino» бағыттары бойынша өткен сайыста, педагог Б. Ошақбаев жүлделі орындарды иеленді. М.Х. Дулати атындағы Тараз мемлекеттік университетінде өткен І-ші облыстық робототехника және мехатроника байқауында жеңімпаз атанған Диас Мәденәлі және Диас Баянов ІІ-дәрежелі дипломмен марапатталды.



Аймақтағы «Жас Ұлан» ұйымы, Алебаева Айжан Ортаевнаның жетекшілігімен облысымыздағы барлық мектептермен, тәлімгерлермен және үйлестірушілермен үнемі тығыз байланыста жұмыс атқарады. Ұйымның нақты міндеттерін орындап, алдағы уақытта әлі де жұмысты жандандыруды мақсат етеді. Облысымыздың ұйымда атқарған жұмысы республика бойынша үздіктер қатарында Облысымызда 160 мың баланың басын біріктіріп, әрбір мектеп қабырғасында өз қызметін үйлестіріп отырған, 2011 жылы Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы негізін қалаған «Жас Ұлан» ұйымы игілікті істердің бастауында тұр.

Мемлекетіміздегі республикалық қозғалыстар арасында ең үлкен ауқымды қамтып, ең көп мүшесі бар ұйым биыл 9 жылдығын тойлады. Көпшілік шаралардан бөлек, танымдық-ақпараттық, әлеуметтік бағыттарда да тың жобалар көтеріп, өз істерімен көпке үлгі болып жүр. Қазіргі таңда Жамбыл облысы «Жас Ұлан» бірыңғай балалар мен жасөспірімдер ұйымы Республикада жұмысы жүйеге қойылған үздік бестіктің қатарында. Балалар ұйымында жыл бойына жалпы саны 12 ауқымды іс-шаралар ұйымдастырылып, 4600 адам қамтылды. Бүгінде «Жас Ұлан» ұйымы көптеген игілікті шаралар ұйымдастырыуда, атап айтсақ «Соттарда азаматтық істерді қарау барысындағы балалармен жұмыс істеу ерекшеліктері» атты дөңгелек үстелі, «Болашақ үшін игілікті іс жаса» облыстық тазалық акциялары, «Таза

сана, таза қала!» плагингі, Рухани жаңғыру аясында «Кемелді келешекке – кеменгер Елбасымен!» атты «Жас Ұлан» бірыңғай балалар мен жасөспірімдер ұйымының көшбасшылары арасындағы форум, сондай-ақ «Менің тату отбасым» бейнероликтер мен фотосуреттер байқауы, «Жасыл әлем» ертегілер байқауы, «Жеңіс туы, желбіре» атты ән байқауы облыстық деңгейде жоғары дәрежеде ұйымдастырылды.

Биыл елімізде Президентіміздің бастамасымен Волонтер жылы деп жарияланып, жастарға үлкен сенім артылғаны мәлім. Мемлекет басшысы нақты 7-бағытты анықтап берді. Осы орайда жасұландықтар да Еріктілер жылына өз үлестерін қосып жатыр. «Жас Ұлан» бірыңғай балалар мен жасөспірімдер ұйымы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің тапсырысымен Азаматтық бастамаларды қолдау орталығының «Birgemiz: Asyl mura» жалпыұлттық жобасын жүзеге асыруды қолға алған. Өңірде аталған жоба аясында облыс әкімінің қолдауымен «Волонтерлерді қолдау орталығы» ашылды. Мұндағы негізгі мақсат – тарихи-мәдени мұраны сақтау, насихаттау саласында волонтерлермен жұмыс жасау, волонтерлердің басын қосып, оқыту және шеберлік сағаттарын өткізу. Бүгінгі күнге дейін облысымыздың тарихи-мәдени мұраларын насихаттауға, сақтауға қызығушылық танытқан 200-ге жуық ерікті орталықтың мүшесі атанды. Сондай-ақ аталған бағыт бойынша бүгінгі күнге дейін үйлестірушілер мен жаттықтырушыларға арналған оқытулар өткізіліп, волонтерлерге арналған семинар тренингтер, оқу курстары өз жұмысын жалғастыруда.

Медиа сауатты болу қазіргі қоғамның талабы, осы орайда ҚР Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің қолдауымен «Азаматтық бастамаларды қолдау орталығы» Республикалық «Жас Ұлан» балалар мен жасөспірімдер ұйымының ұйымдастыруымен ReStart жобасына қатысуда. Аталған жоба аясында «Интернет сауаттылық» курсына



ұйымдастырылды. Аталған курсты IT саласындағы беделді оқу орны Халықаралық IT университетінің тәжірибелі мамандары жүргізді. Жоба аясында «Интернет тәуелділік» фото көрмесіне облысымыздан жасұландықтар белсене қатысты. Әдістемелік-ақпараттық бөлім жұмысының бір парасы Еліміздің Тұңғыш Президенті, Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласы аясында 2018-2022 жылдар аралығында 5 жылға құрылған жоба іске асырылуда. Қазақстан түбегейлі жаңғыру арқылы – болашаққа кедергісіз өте алады. Бәсекеге қабілетті, рухы өр, білімді жастарды заман ағымынан қалдырмай, саналы түрде бейімдеу мақсатында Мектеп олимпиадаларын және мектептен тыс іс-шараларды өткізетін облыстық «Жамбыл дарыны» орталығы жылда тұрақты түрде 9 байқау және 1 шеру өткізеді.

#### «Бұқаралық-ұйымдастыру» бөлімі

«Бұқаралық-ұйымдастыру» бөлімі облыстық іс-шаралардың және байқаулардың өткізілуін ұйымдастырумен қатар, облыстық кең көлемде өткізілетін іс-шараларды

жоспарлайды, сондай-ақ, іс-шара сценарийлерін жазу, дайындық жүргізу, кейіпкерлерді және жүргізушілерді жеке дайындау мақсатында жұмыс атқарып келеді.

«Бұқаралық-ұйымдастыру» бөлімі жылдық жоспарға сәйкес және жоспардан тыс түрлі іс-шараларды жоспарлап, жоғары деңгейде өткізуге үлес қосып келеді. Қазақ жұртының жаратылысынан шешендік өнерге бейім халық екені бәрімізге мәлім. Оның қиыннан қиыстыра, төтеден төге сөйлейтін тапқыр да ақылды, бейнелі де бедерлі, аталы да баталы, нақыл, қомақты ойлары жөнінде тек өзіміз ғана емес, өзгелер де таңдай қағып айтуда. Ақынның тілі қылыштан өткір, қылдан нәзік деп бекер айтылмаған, сірә. Сондықтан да бүгінде мәдениетіміз бен ұлттық өнеріміз өркен жайып, әлемдік өреге ие бола бастаған осынау өскелең шағымызда халқымыздың өсиеті мен өнегесін, салты мен дәстүрін барынша дәріптеу, осындай асыл мұраларымыздың бірі – қазақтың дәстүрлі айтыс өнері қанша ғасыр өтсе де бойына ата – баба тарихының терең рухын бойлатқан құнды дүние болып қала бермек. Осыған орай, дәстүрге айналған «Жыр алыбы – Жамбылым» атты облыстық жас ақындар айтысы өткізіледі.



Осындай ауқымды іс-шараның бірі Қазақстан Республикасы Президентінің атынан және Облыс Әкімінің атынан Жаңа жылдық шырша мерекесі.

Мемлекетімізде балаларды қолдау бойынша нысаналы жұмыстар жүргізілуде. Балалар үшін ең бастысы – Жаңа жыл шыршасының айналасында достарымен қауышып, қуанышты сәттерді бөлісу. Басқа мерекелерден гөрі Жаңа жыл мерекесін бүлдіршіндер ерекше күтеді. Жаңа жыл мерекесін тойлау қарсаңында облыс және қала балаларына қуанышты, мерекелік көңіл-күй әсерін қалдыру үшін арнайы мәдени-танымдық бағдарламалар жасалып, аталған шырша мерекесі

жоғары деңгейде өткізіліп келеді. Сонымен қатар, Облыстық Ұстаздардың кәсіби мерекесіне арналған салтанатты жиыны. «Ұстаздық еткен жалықпас, үйретуден балаға» деген Ұлы Абай бабамыз. Шәкірттерін білім нәрімен сусындатып, тәлім – тәрбие беру, жақсы қасиеттерді бойына дарытып, адамгершілік рухта бағыт – бағдар беруде ұстаздың еңбегі зор. Білім көшін жылжытып келе жатқан ұстаздар қауымына деген құрмет артып, осы мақсатта жыл сайын ұстаздар күніне арналған облыстық «Ұстазға мың алғыс!» атты салтанатты жиыны өткізіліп, жалғасын тауып келеді.

Ауыз толтырып айтарлықтай тағы бір көркем іс-шара ол – Наурыз мерекесі. Самарқанның көктасы жібитін көктемнің шуақты шағымен тұспа-тұс келетін мерейлі «Қош келдің, Өз Наурыз» атты мерекелік іс – шарасы да аталып өтіледі. Сондай-ақ, Жас ұрпақтың санасына мейірімділік, сүйіспеншілік, қайырымдылық ұғымдарын қалыптастыру, ерекше қажеттіліктері бар жаңдарға жаңа мүмкіндіктер ұсынып, қоғамның қамқорлығын сезініп, ертеңгі күнге сеніммен қадам басуына жағдай жасау, әлеуметтік жағдайы төмен балаларға көмек көрсету, жасөспірімдерді кішіпейілділікке, бауырмалдыққа баулу мақсатында бөлімде түрлі қайырымдылық іс – шаралары мен акциялары өтілуде.

### «Қосымша білім беру» бөлімі

Бөлімнің алдына қойылған міндеттерді сапалы атқару және бөлімдегі педагогтардың білімін, педагогтік тәжірибесін және кәсіби деңгейін көтеру.

Міндеті:

- әдістемелік жұмыстың міндеттерін орындау;
- оқушыларды жеке тұлға ретінде қалыптастырумен тәрбиелеу;

- әр оқушының білім сапасын арттыру;

- оқушылар мен мұғалімдер арасындағы қарым-қатынас жағдайын жасай білу.

Оқыту процесінде баса назар аударылатыны – бөлімнің оқу-тәрбие процесінің ғылыми-әдістемелік жағынан қамтамасыз етілуі. Ол үшін жұмыс жасауға жоғары санатты педагогтерді тарту, оқыту технологиясының тиімділігін қолдану. Бөлімімізде жаңашыл, шығармашыл педагогтер жұмыс жасайды.

### «Кәсіби бағдар беру» бөлімі

«Кәсіби бағдар беру» бөлімі, білім алушылардың жеке мүдделері мен қоғамдық қажеттіліктерін қанағаттандыру, мамандықты саналы түрде және өздігінен таңдауға дайындау мақсатында құрылған.

Оқу барысында оқушылар түрлі қалалық, облыстық және республикалық байқауларға қатысып, жеңімпаз атануда.

Аталған бағдарламаны меңгере отырып, оқушылар жарнама агенттіктеріне, полиграфиялық фирмаларға және бүгінгі таңда қызықты да заманауи мамандық болып табылатын «суретші-дизайнер» ретінде жұмысқа орналаса алады, сонымен қатар, шығармашылық мамандықтар бойынша жоғарғы оқу орындарына түсе алады. Шығармашы тұлғаны қалыптастыру – қазіргі заманауи педагогикалық теория мен практиканың маңызды міндеттерінің бірі.

Бейнелеу шығармашылығын қалыптастырудың негізінде сипаттамалық нышандарды, бөлшектерді байқау мен бақылау, нысанның формасын, түр түсін талдау және сонымен қатар көріністен алған әсерді біртұтас күйде сақтап қалу сияқты баланың бейнелік қабылдауын дамыту.

«Мерей» мектебі көркемсурет өнері арқылы баланың көркем мәдениетінің негіздерін қалыптастыру мен дамыту мақсатында жұмыс жасайды:

- эстетикалық мәдениетке баулу;
- балалардың эстетикалық талғамын, рухани қасиеттерін қалыптастыру;
- көркемдік-шығармашылықпен әуестенуге қызығушылықтарын арттыру;
- көркемдік-шығармашылық қабілеттерін дамыту;
- сурет салу өнері, безендіру және шығармашылық шеберліктерін шыңдау арқылы балалардың креативті ойлауын қалыптастыру.

Аталған мектептің жетістіктері де жемісті. Облыстық, Республикалық байқаулардан басқа да Халықаралық байқаулардың жеңімпаздары.

Дәстүрлі түрде өткізетін «Жусан иісі», «Живая классика», «Музей педагогикасы» жобалары екі жылдан бері онлайн режимінде ұйымдастырылып келеді.

«Жусан иісі» жобасы Жеңістің 75 жылдығы қарсаңында Ұлы Отан соғысында ар мен намысты ту еткен батырлар рухына тағзым ету, Қазақстандықтардың ерен ерліктерін бағалай білу мақсатында жас суретшілер бойына Отанға деген сүйіспеншілігін арттыру. Жоба аясында балалар мен жасөспірімдердің көркем шығармашылығына арналған «Сарыжылан», «Орман қарақасы», «Наурыз келдім», «Можно попросить Нину?» атты байқаулар жүзеге асырылуда.

ЮНЕСКО ұйымдастырған Қазақстан балалар шығармашылығы байқауының «Балалар әлемді бейнелейді» альбомына «Мерей» мектебі оқушыларының 60 жұмысы енді.

«Живая классика» жобасының мақсаты классик ақындарының шығармаларын интернет кеңістігінде үздіксіз насихаттау. Арнайы жоба интернет байқау түрінде жүргізіледі. Қазақстандағы ресей ғылыми және мәдени орталығы жаңа бастама «Мектеп қабырғасындағы-театр» атты онлайн-жобаны қолға алды. Ағымдағы жылда театр күнінен бастау алған жобаға Нұр-Сұлтан, Шымкент, Алматы, Теміртау, Қостанай және Жамбыл облыстық театр ұжымы қатысты. Халықаралық байқауға Жамбыл облысының жоғарғы сынып оқушылары қатысты. Халықаралық «Живая классика» байқауының ұлттық кезеңі жеңімпаздары «GORKY FM» радиосының тікелей эфирінде ауқымды аудитория алдында өз өнерлерін паш етті.

Халықаралық театр фестивалінің мақсаты – жақын шет елдерінің балалар театр өнерін Қазақстанның театр өнері саласындағы ынтымақтастықты одан әрі нығайту, театрлардың шығармашылық бастамаларын ынтылдандыру, кәсіби қатынасқа және бірлескен шығармашылық жобаларға жағдай жасап, театр жұртшылығының назарын

театрдың заманауи жаңалықтарына назарын аудару.

Нұр-Сұлтан қаласындағы Ресей ғылыми мәдени орталығымен бірлесе отырып, ұлы ақынымыз Абай Құнанбаевтың 175 жылдығына орай ұйымдастырылған «Абай vs Abai» онлайн байқауында орталығымыздың оқушылары алдыңғы қатардан көрінді. Бұл жобаның қатысушылары Крым республикасы мен Қазақстан арасындағы түрлі тележобаларға қатысып, «Бүгінгі Пушкин» атты халықаралық акцияға қатысу мүмкіндігіне ие болды.



2018 жылдан бастап, бөлімнің ұйымдастыруымен «Музей педагогикасы» жобасы іске асыруда. Музей педагогикасының негізгі мақсаты – туған жерді, мәдени-тарихи мұраны, жергілікті халықтың дәстүрлері мен әдет-ғұрыптарын, жерлестерінің өмірі мен қызметін зерттеу арқылы қатысушылардың шығармашылық әлеуетін бағалау, жас ұрпақты музейге тарту, тұлғаның шығармашылық, рухани дамуын жүзеге асыру.

Жас ұрпақты өз халқының патриоты етіп тәрбиелеу қай халықтың болмасын тәрбиелеу жүйесінің негізгі талаптарының бірі. Орталығымыздың

«Жас сарбаз» клубы патриоттық тәрбие беру және әскери қызметке даярлау мақсатында құрылған. Негізгі мақсаты - “қазақстандық патриотизм, азаматтық, ізгілік және жалпы адамзаттық құндылықтар идеяларының негізінде тәрбиеленушінің жеке тұлға ретіндегі сапалық қасиетін қалыптастыру».

Сондай-ақ, жастар «Әскери техникалық мектебі» және «Жас сарбаз» клубы меморандум аясында жастарға әскери-патриоттық тәрбие беру мәселелері бойынша бірлесе жылдық іс-шаралар жоспарын іске асыруда. Жастарды әскери-патриоттық тәрбиелеуге, әскери қызметтің беделін арттыруға және Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің имиджін ілгерілетуге бағытталған бірлескен іс-шаралар өткізеді.



Әрбір адамның өз құқықтарын жете біліп, жалпы заң білімі саласынан мағлұмат алғаны дұрыс. Ел көлемінде реформалардың кең ауқымда жүріп жатуына сәйкес құқықтық білімнің жаңа мазмұны жоғары құқықтық мәдениеті бар тұлғаны қалыптастыруға, өз халқының құқықтық мұраларының бұлағынан сусындатуға бағытталған орталығымызда «Полициялық академия» балаларға білім беруде.

2020 оқу жылының басында, орталығымызда ғылыми бағытта «Жамбыл дарыны» орталығы ашылды.

«Жамбыл дарыны» орталығы құрылған уақыттан бастап «Химия пәнінен онлайн мектепке қабылдау» олимпиадасы, «Өзін-өзі тану» пәнінен республикалық олимпиадасы, ауыл балаларына арналған «Мың бала» Ұлттық зияткерлік олимпиадасы, VII республикалық «Ақберен» өнер байқауы, «Жас химик» онлайн байқауы, «Өзін-өзі тану» пәні бойынша облыстық әлеуметтік жобалар байқауы, «Бірге оқимыз!» атты сырттай байқауы, «Едіге батыр» жырынан үзінді оқу челленджі, «Ғылым әлемін ашамыз» атты ғарыштық зерттеулер бойынша XVI Халықаралық ғылыми онлайн жарысы, білім фестивалі, «Бастау» XIII республикалық математикалық турнирі, XXI

республикалық «Абай оқулары» атты облыстықбайқауы, «Менің кіші Отаным» атты облыстық байқауларын ұйымдастырды. Сонымен қатар Республикалық «Тіл мемлекет тәуелсіздігінің символы» атты қашықтық олимпиадасы, «Астрономия для всех» атты Республикалық Астрономиялық практикумы, Ә.Бектұрғанов атындағы VI Халықаралық химия пәні олимпиадасы және XXI республикалық «Абай оқулары» атты республикалық байқауларына қатысып жүлделі орындарды иеленді.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2020 жылғы 24 сәуірдегі №249 қаулысымен бекітілген Ережеге сәйкес «Елбасы Академиясы» корпоративтік қорының ұйымдастыруымен Елбасының «El Ümiti» бастамасы аясында «Елбасы Медалі» бағдарламасы жүзеге асырылуда.

Бүгінде ол Қазақстанның түкпір-түкіпірінен 10 мыңнан астам қатысушыны біріктіріп отыр. Бағдарлама мақсаты - 14-29 жас аралығындағы жас қазақстандықтардың жеті бағыт: спорт, кітап оқу, ерікті қызметі, ұлттық мұра, саяхат, еңбек тәжірибесі, дарындылығы мен біліктілігін арттыру бойынша өзін-өзі дамытуына, өзінің қабілетін іске асыра білуіне жағдай жасау.

Бағдарламаға Жамбыл облысы бойынша 500-ден астам оқушы қатысуда. Олар тәлімгерлер тарапынан берілген тапсырмаларды уақытылы орындап, үздік нәтижелер көрсетуде. Әр кезеңді өткен сайын қатысушының білімі мен дағдысы артып, оның өз күшіне деген сенімі қалыптасады.

Тәлімгерлермен хабарласу, жеке жоспар құру, бейнесабақтар көру, есеп беру және жоба аясындағы жетістіктерді бақылау мақсатында «Елбасы Медалі» жобасының қатысушыларына арналған мобильді қосымша іске қосылған.

Сонымен қатар ағымдағы оқу жылының басында ұлы ғалым, философ, ойшыл Әбу Насыр әл-Фарабидің 1150 жылдығына орай жаратылыстану-математика пәндері бойынша Әл-Фараби атындағы халықаралық олимпиадасы онлайн форматта өтті, сонымен қатар оқышыларға арналған математикадан кезекті Балқан олимпиадасы онлайн форматта өтіледі деп жоспарлануда.

Еліміздегі дарынды оқушыларды анықтап, білімін жетілдіріп, олардың ой-өрісінің дұрыс қалыптасуын, үздік элитаны дайындауда «Дарын» орталығының маңызы зор. Облысымыздағы дарынды оқушылардың саны күн сайын артуда, бұл орталық үшін үлкен мақтаныш.

#### «Дарынды балалармен жұмыс» бөлімі



Өмірді сүйетін, өнерді сүйетін, талғамы бөлек, талабы жоғары, рухани дүниесі бай балалардың шығармашылық ұжымы «Бозторғай» үлгілі ән-би ансамблі 1974 жылы құрылған. Қазіргі таңда Қазақ еліне танымал, көпшіліктің ыстық ықыласына бөленіп жүрген «Бозторғай» үлгілі ән-би ансамблінің құрамында 6 жастан бастап 18 жасқа дейін 400-ге жуық өнерпаз бала бар. Өз өнерімен елдің рухын көтеріп, адамзат баласына шексіз қуаныш сыйлап, халқымыздың мәдени талғамы мен танымын қалыптастырып, қазақ деген ұлы халықтың әлеуметтік –

рухани құндылықтарын жүршілікке паш етіп жүрген киелі өнер кез келгеннің басына қона бермейтін бақ. Өмірде ізі, артында әдеби – музыка мұрасы қалған тарихи тұлға Қорқыт ата өз кезінде «Өнегелі болса, бала көрікті» деген сөзді бекер айтпаса керек. «Бозторғай» үлгілі ән-би ансамблі ұлт – аспаптар оркестрінің қазіргі таңдағы құрамында 60 оқушы өнер көрсетіп келеді. Ансамбль ұжымның жеңісі – әр қатысушының жеңісі, ал әр қатысушының жеткен нәтижесі – ұжымның үлкен дәрежесі болып есептеледі.

Жеке тұлға тәрбиелеуде түрлі көркемдік ұжымдар (ансамбль, хор, хореография, музыка) белсене ат салысады. Танымал ұжым осы уақытқа дейін көптеген өнер байқауларына қатысып, жүлдегер атанып келеді.

Байқауға қатысушы ансамбль құрамындағы жас өнерпаздар, үлкен өнерге баулыған үрдісті еңбектері үшін көп Ансамблдің жетістігі: TARAZ MUZIK GAMEZ республикалық байқаудың және Ж. Жабаев атындағы Халықаралық байқаудың, Республикалық «Өнерлі балақайлар» ән-би және өнер байқауының «Халық аспаптар» номинациясының I-орын жеңімпазы. Сондай-ақ, Республикалық «Жас дарын АРТ Қазақстан» ән – би байқауы мен Республикалық «Өнерге қанат қаққандар» ән-би байқауының I-орын жүлдегері. Республикалық «77» телеарнасының «Ұлы дала дарыны» байқауынан I орынмен Күміс жүлде иегері атанды. «Жас Ұлан» патриоттық әндері XX Республикалық фестивалінің аспапта ойнау жанры номинациясы бойынша, Республикалық Балалар музыка мектептерінің және өнер мектептерінің білім алушылары- жас музыканттардың 52-ші фестиваль – байқауы мен облыстық «Bugabay summer fest» Халықаралық балалар мен жасөспірімдердің телевизиялық фестивалінің байқауынан жүлделі II-орын иеленді.

Өнерімен өрге жүзген өнерпаз ұжым Халықаралық «Новый ветер» Республикалық «Ұлы дала ұрпақтары» өнер мен білім байқауында, «Өнерім – өмірім» өнер байқауының, Республикалық «Біз іздеген таланттар» жас таланттар байқауынан Бас жүлде иемденіп, мерейі үстем болды.

Республикалық «Қош келдің құтты Наурызым!» атты балалар мен жасөспірімдер арасындағы шығармашылық байқауының, Республикалық «Жас дарын» балалар байқауының Халықаралық «Сариеер Муниципалитетінің» IV фестиваль балалар кеңесінің декларациясы мен Халықаралық «Бейбітшілік әлемі» байқауынан Бас жүлде иемденіп, мәртебесі биік болып, алтын тұғырға көтеріліп, жемісі еңбектің лайықты бағасын алды. «Таланттылар раушан гүлі сияқты жан-жағына жұпар шашып, көңіл ашады» деген жазушы, қоғам қайраткері Шерхан Мұртаза ағамыздың сөзі Бозторғай» үлгілі ән-би ансамблі ұлт-аспаптар оркестрінің ұжымына қаратып айтылған десек те болады.

Қосымша білім беру бөлімі 1996 жылы құрылып, Мектепке дейінгі балаларға арналған «Білімпаз» орталығы, «Тілдер әлемі», «Қызықты математика мектебі» және «Ағылшын тілі», «Орыс тілі», «Қазақ тілі» үйірмелерімен қоса үш бағытта қызмет атқарады. Мектепке дейінгі оқушыларға арналған «Білімпаз» орталығы әлеуметтік отбасылардың сұранысы бойынша 5 пен 6 жас аралығындағы оқушыларды қамтиды. «Білімпаз» білім беру орталығының мақсаты – баланың үйлесімділігін, эстетикалық тәрбиесінің, ойынның, дене қимылының дамуын қамтамасыз ету, көрнекті – бейне назарын дамыту, мектепке дайындау болып табылады. Оқу-тәрбие процесі аптасына бес күнге құрылған. Балаларға математика, сауат ашу, логика, жаратылыстану, валеология, құрастыру және модельдеу, тіл дамыту, ағылшын тілі, орыс тілі, қазақ тілі, ән сабақтары өтіледі.

Балалар күннен күнге өз бетінше жұмыс жасау арқылы жаңалықтар ашып, сабақ барысында белсенділік танытады. Балалардың шығармашылық ойлау мен сөйлеу процестерін дамыту үшін педагогтар сабақтарын қызықты ойын түрінде ұйымдастыра өтеді. «Білімпаз» орталығында білікті маман, жаны көркем, нәзік жүрегінде бүлдіршіндерге деген шынайы сезімі бар педагогтар қызмет атқарады.

Әлемді жаулаған пандемия адам өмірін бір мезетте күрт өзгертіп, қарусыз жаумен бірге күресуге мәжбүр етті. Орталығымыздың үйірмелері, үйірме жетекшілері коронавирустық инфекцияның таралуына жол бермеу жөніндегі шаралары аясында барлық байқауларды, семинарларды қашықтан ұйымдастыруда және қатысуда.



## ТУРИСТІК БАЙЛАУ ТҮРЛЕРІ

**Жәрдемова Гүлзипа Ермекқызы**, Батыс Қазақстан облысы,  
Жаңақала аудандық жас туристер станциясы, қосымша білім беру педагогі

Қазіргі кезде жер шарының түрлі аймақтарында экологиялық дағдарыс шиеленіскен жағдайда экологиялық білім мен тәрбие беруге басты назар аударылуда. Осыған байланысты ең маңызды орын туризм мен өлкетануға беріліп отыр. Туризм жастарды жағымсыз қылықтарға қарсы тұруға (темекі шегу, ішімдік ішу), мықты денсаулық негізін қалыптастыруға, пайдалы, қызық істерге, салауатты өмір салтына тәрбиелейді. Біздің облысымызда туристік- өлкетану бағытындағы жұмыстарды жолға қойып, ол туралы зерттеу жүргізген В.П.Фомин, Г.Г. Невзоровтардың зерттеу еңбектері бар.

Бір сөзбен айтсақ туризм дегеніміз жастар үшін – саяхат жасау, ол арқылы жетістікке жету, жаңа дүниені танып білу.

Еліміздегі болып жатқан жағдайға байланысты туризм үйірмелерінің жұмыстары да қашықтан жүргізілуде.

Туристік байлау – саяхатқа шыққанда, әсіресе таулы жерде, яғни арқандар, карабиндер және сақтандыру жүйесін пайдалану арқылы кедергілерден (өрмелеу, түсу, траверс, аспалы өткел және т.б.) өткен кезде қолданылады.

Сондықтан туризмде байлауларға мынадай шарттар қойылады:

оңай әрі тез байлануы қажет;  
салмақ түскенде ағытылмайтындай;  
операция барысында сырғып жылжымауы;  
кейін ағытылмастай бекіп қалмауы.

1) Бірдей диаметрдегі жіптерді байлауға арналған түйіндер: «түзу», «қарсы жүргізу», «грейпвайн».

2) Өртүрлі диаметрдегі жіптерді байлауға арналған түйіндер: «брамшкотовый».

3) Сақтандыруға арналған түйіндер: «сегіздік», «австриялық жолсерік».

Бірдей диаметрдегі жіптерді байлауға арналған түйіндер.

«Түзу» байлауын екі тәсілмен байлауға болады:

- Бірінші жіппен ілмек жасалады;  
- екінші жіп суреттегідей түйін шығу үшін тиісінше оралады.

Демеуші түйіндер байлау үшін, жіптің шығып тұрған ұштарының ұзындықтары 15- 20 см кем болмауы тиіс. Егер жіптің бір ұшы төменнен, ал бір ұшы жоғарғы жағынан


шығып тұрса немесе керсінше болса, түйін дұрыс байланбаған болып есептеледі. Жіптің ұштары тек қана астынан немесе тек қана үстінен шығуы тиіс.



«Қарсы жүргізу» байлауы. Диаметрлері бірдей екі жіп аламыз, біреуінің ұшына қарапайым түйін байланады, содан кейін екінші жіпті қарсы бағытпен қарапайым түйінді қайталап өткіземіз. Сонда екі қабатты қарапайым түйін пайда болады және жіптің ұштары бір-біріне қарсы бағытта болады. Түйін тартылып байланады және бұл түйінге негізінен демеуші түйін байланбайды.




«Грейпвайн» байлауы. Диаметрлері бірдей екі жіп алып бір-біріне миңгестіреміз, бір жағынан қосарлы демеуші түйінін байлаймыз, екінші жағынан да қосарлы демеуші түйінін байлаймыз. Түйінді тартамыз. Демеуші түйіндер байланбайды.



Өртүрлі диаметрдегі жіптерді байлауға арналған байлау.

«Брамшкотовый» байлауы. Өртүрлі диаметрдегі екі жіп аламыз, жуандау

жібінен ілмек істейміз, ал жіңішкесімен суреттегідей етіп айналдырып ораймыз. Содан кейін түйін тартылады, дұрысталады және екі жағына да демеуші түйін байланады.



Сақтандыруға арналған түйіндер

«Сегіздік» байлауы. Бір жіппен байланады. Екіге қабатталады және 8 санына ұқсас түйін байланады. Түйін түзетіледі, буылады және демеуші түйін байланады.



«Австриялық жолсерік» байлауы. Түйін бір жіппен байланады. Жіпті ортасынан алып 360° бұрғанда сегіздік шығады, жоғарғы шеңбердің басы төменгі шеңбердің ішінен өткізіледі де ілмек шығады. Дұрыс түйін шығу үшін, жіптің ұштарын екі жаққа тарту керек. Демеуші түйін байланбайды.



Күнделікті өмірде бұл байлауларды біз пайдаланамыз ба? Бұлар бізге не үшін керек? Күнделікті өмірде бір затты жіптің көмегімен орағанда немесе бекіткенде, ауыл шаруашылық жұмыстарында арқандарды жалғағанда ойымыздан шығарып әйтеуір шатастырып байлап тастаймыз. Үйге келгеннен кейін, ал шешіп көр... Уақытымыздың көбі өзіміз жаңа ғана түйіншектеп байлаған жіпті шешумен өтеді. Сондықтан, әрқашан әдіспен байланған түйіннің оңай шешілетінін ұмытпайық.

## ОҚУШЫЛАРДЫҢ МАМАНДЫҚ ТАҢДАУЫНА ҚОСЫМША БІЛІМ БЕРУДІҢ РӨЛІ

**Шакимова Гульжан Женисовна,**

Атырау облысы, Индер ауданы, Индербор кенті,  
Индер аудандық білім бөлімінің оқушылар шығармашылық орталығының  
әдістемелік бөлім меңгерушісі, «Ақ дастархан» үйірмесінің жетекшісі

Қосымша білім беру жүйесінің басты мақсаты – балалардың шығармашылық қабілеттерін дамыту, қазіргі қоғамдағы жедел өзгерістерге бейімделу дағдыларын қалыптастыру және бос уақыттарын тиімді пайдалануды ұйымдастыру болып табылады. Елбасы Н.Ә. Назарбаев: «Еліміздің ертеңі бүгінгі жас ұрпақтың қолында, ал жас ұрпақтың тағдыры ұстаздардың қолында» - дегенін барлығымыз білеміз.

Қосымша білім беру саласы мемлекеттік саясатты іске асыру, балалардың шығармашылық қабілеттерін қалыптастыру және дамыту, зияткерлік адамгершілік тұрғыда және оның денесін жетілдірудегі жеке қажеттіліктерін қанағаттандыру, жасөспірім балалардың қоғам өміріне әлеуметтік бейімделуін қамтамасыз ету, қазіргі қоғамдағы жүргізіліп жатқан өзгерістер маңызды дәрежеде білім беру ұйымдарының барлық түрлерін жетілдіру қажеттілігі мен ерекшеліктерін анықтайды, соның ішінде тұлғаның шығармашылық әлеуетін дамытуды көздейді.

Қазіргі уақытта балаларға қосымша білім беру әлеуметтік тұрғыда қажетті және мемлекет пен қоғам тарапынан тұрақты назар аударуды, қолдауды қажет етеді. Ол тұлғаның жан-жақты дамуына, оның қабілеттерін ашуға, алдын ала кәсіби бағдарлауына көмектеседі.

Балаларға қосымша білім беру ұйымдарының құндылығы жалпы білім берудің вариативтігін іске асыруға, мектепте алған білім, білік дағдыларын пайдалануға, білім алушылардың танымдық уәждемесін ынталандыруға мүмкіндік береді. Ең бастысы – қосымша білім беру жағдайындағы балалардың шығармашылық әлеуеттері, қазіргі қоғамға бейімделу дағдылары дамиды және бос уақыттарын тиімді ұйымдастыруға мүмкіндік алады.

Қосымша білім берудің сапасы мен қолжетімділігіне кепілдік беру, тәрбие мен оқыту үдерісінде балалар

мен жасөспірімдердің жан-жақты қажеттіліктерін қанағаттандыру. Қазіргі кезеңдегі ең өзекті мәселенің бірі – бәсекелестікке қабілетті, еңбек нарығында сұранысқа ие бола алатындай кәсіби мамандар дайындау.

Балаларға қосымша білім беру мазмұны, оны ұйымдастыру түрі, әдістері мен технологиялары сапасын көтеру, педагогикалық шығармашылық жұмысты бағдарлы түрде ұйымдастыру көзделген. Қазақстандағы қосымша білім беру жүйесі білім беру кеңістігінің ең динамикалық және дамушы құрамды бөлігі болып табылады, ол стандартты жүйеге қарағанда ерекше ашық және еркін дамуды қалыптастырады (үнемі балалармен жұмыс істеу мазмұны, әдісі мен формалары өзгерісте болады), педагогтық авторлық шығармашылығы позициясын дамытуда жаңа технологияларды қолдану.

Қосымша білім беру ұйымдары кез-келген әлеуметтік топта балалардың қарым-қатынасты реттей алатын және қосымша білім беру ұйымдарындағы қызметте өзін-өзіндік тұлға ретінде көрсетуге қалыптастыратын қабілеттерін дамытатын ашық ақпараттық, білім беру, қызметтік және коммуникативтік әлеуметтік кеңістігін құруда оқушының жеке танымдық мүмкіндіктері мен қабілеттерін ескере отырып, жеке тұлға ретінде дамуына, әлеуметтік бағдар алуына тиімді жағдай жасаушы жүйені дамыту.

Оқушыны шығармашылық жұмысқа тарту арқылы танымдық қабілеттерін, қызығушылығын арттыру, жетістіктерін бағалап көрсету, белсенділігін қалыптастыру, өздігінен еңбек етуге дайындау, іскерлігін дамыту, он саусағынан өнері тамған дарынды баланы тәрбиелеу. Жастарымыздың өнерлі болуы қоғамдық өмірімізге үлкен әсерін тигізеді, өнер мен білім беру ісін бір-бірімен ұштастырып, бала санасына ұялатуда үлкен жүрек, мол мейрімділікпен қоса кәсіби дарын, ізденімпаздық, іскерлік екендігі



адамның адамгершілік дүние танымын қалыптастырып үйретеді. Жоспарланған жұмыстың түрлері: әңгімелесу, талдау, теориялық, машықтық, жеке, топтық, технологиялық нұсқау карталар, үлгі суреттер арқылы орындалуы жүзеге асырылады.

Күтілетін нәтижелер: оқушылар өздерінің бағдарламаға сай жасаған туындыларының нәтижесін мектепшілік, аудандық, облыстық байқауларда, көрмелерде көруі. Бағдарламаны жүзеге асырудың қорытынды түрі мектепшілік, аудандық, облыстық байқауларда, көрмелерде жұмыстарын шығару арқылы. Әрбір жетекші оқушыны үйірмеге қызықтыру үшін үнемі ізденіс үстінде болу керек, жұмыс жасауға қажетті материалдарды көркем әдебиеттерден, баспасөз беттерінен, ақпарат құралдарынан іздестіре отырып, тақырыпқа байланысты элементтерін, дайын бұйым түрлерін, слайд-фильмдерді, әсіресе компьютер арқылы фото туындылары т.б. көрнекі материалдарды барынша пайдаланып, көп еңбектенуге тура келеді.

Қазір оқушыларымыз өнердің барлық түрлерін, бейнелеуге икемділіктерін үйірме жұмыстарымен айналыса отырып толық меңгеруге тәрбие берудің деңгейін көтеріп, мақсатқа жету үшін түрлі әдіс-тәсілдер қажеттілігінің туындауын шығармашылық іс-әрекеттерімен көрсетуде, сол арқылы өз қызуғушылықтарын арттырып келеді.



Оқушының бос уақытын тиімді ұйымдастыру. Әр адам бос уақытын өзінше бір нәрсеге арнайды. Бірақ, бос уақытты ұтымды етіп өткізу әлдеқайда тиімді. Дұрыс тиімді ұйымдастырылған бос уақыт – олардың рухани өмірін, көзқарасын толықтырылуын қамтамасыз етеді. Баланың бос уақытын оның өз қалауымен өткізуге атсалысу, оған аса мән беру – қазіргі таңның басты мақсаты

саналуы тиіс. Бүгінгі таңда жаңа білімді адамды қалыптастыру барысында үйірме жұмыстары күннен-күнге ұлғая түсуде. Мектептен тыс орталықтарда жүргізілетін тәрбие жұмыстары, сабақ үстінде жүзеге асыратын тәрбие жұмысын толықтыра және тереңдете отырып, ең алдымен балалардың таланттары мен қабілеттерін неғұрлым толық ашудың, олардың бір нәрсеге қызығушылығы мен ынтасын оятудың құралы ретінде қызмет атқарады, ол оқушылардың бос уақытын ұйымдастырудың және олардың адамгершілік мінез құлыққа жаттығуын



ұйымдастырудың формасы болып табылады. Біріншіден, оқудан тыс әр тарапты әрекет баланың сабақта мүмкін болмайтын жан-жақты дара қабілетін ашуға ықпал етеді. Екіншіден, сыныптан тыс әр түрлі үйірме жұмысының түрімен айналысу баланың жеке әлеуметтік тәжірибесін жандандырып, жетілдіреді, оның адамзат құндылықтарына негізделген білімдерін байытып, қажетті практикалық іскерлігі мен дағдысын қалыптастырады. Үшіншіден, зертханалық жұмыстар, сыныптан тыс түрлі тәрбие жұмысы оқушыларда әрекеттің әртүріне қатысты қызығушылығының дамуына, оған белсенді қатысуға деген құлшынысын тәрбиелеуге нәтижелі ықпал етеді. Егер балада еңбекке деген тұрақты қызығушылық және белгілі бір мамандыққа деген практикалық дағды қалыптасқан болса, онда ол өз бетінше тапсырманы нәтижелі орындауды қамтамасыз ете алады. Бағдарлы кәсіби тұрғыда үйірмеде жаңа технологиямен білім беру.

Қазіргі кезеңде Республикамызда қосымша білім берудің жаңа жүйесі жасалып, Қазақстандық білім беру жүйесі әлемдік білім беру кеңістігіне енгізіле бастады. Білім беру саласы қызметкерлерінің



алдында қойған басты міндеттердің бірі – оқытудың әдіс-тәсілдерін үнемі жетілдіріп отыру және қазіргі заманғы педагогикалық технологияларды меңгеру. Қазіргі білім беру саласындағы оқытудың озық технологияларын меңгермейінше сауатты, жан-жақты маман болу мүмкін емес. Жаңа технологияны меңгеру мұғалімнің интеллектуалдық, кәсіптік, адамгершілік, рухани, азаматтық және басқа да көптеген адами келбетінің қалыптасуына игі әсерін тигізеді, өзін-өзі дамытып, оқу-тәрбие үрдісін тиімді ұйымдастыруына көмектеседі. Ғылым мен техниканың, ақпараттың дамыған заманында озық ойлы, шығармашылығы жоғары оқушы тәрбиелеу әр ұстаздың басты міндеті. Оқушылардың шығармашылық іскерліктерін арттырып, заман талабын ескере отырып, әрбір кезеңде жаңашыл педагогтердің әдіс-тәсілдерін, озық технологиясын басшылыққа алып, оқыту үрдісінде сыни тұрғысынан оқыту, кіріктірілген сабақ түрлерін көп қолданып, сабақтар өткізу қажет. Сыни тұрғыдан ойлау мен сабақ үдерісінде ақпараттық-коммуникативтік технологияны қолдану оқушылардың тәуелсіз ойлауына, ой қорытуына, қабілетіне, визуалды және ауызша түрдегі ақпарат алуына, өзін-өзі бағалауына, өз бетімен ізденуіне ықпалын тигізеді. Сыни тұрғысынан ойлауды қалыптастырып, балалардың өз білімдерімен жаңа білімдерін ұштастыра отырып тақырыпты түсінуге бағыт беріледі. Сыни тұрғыдан ойлаудың стратегиялары өте көп. Ол іс-әрекеттер оқушыларға еркін ойлауға мүмкіндік береді, ақыл ойын дамытады, ұжымдық іс-әрекетке тәрбиелейді, тіл байлығы жетіледі, жан-жақты ізденеді, өз ойын жеткізеді. Бұл технологияның ішкі

құрылымында ерекшелік бар. Үйренгенін қабылдайды, іштей ойлануға үйренеді, ой алмасады. Белсенді түрде өз білімін нақтылау жолын қайта қарап, өзгерістер енгізеді. Сол білім арқылы өзінің өзгергенін сезеді. Мамандықтың бәрі жақсы.



Әлемде 40 мыңға жуық әр түрлі мамандықтар бар. Мамандардың зерттеулері бойынша жыл сайын 25 млн. адам өзінің жұмыс орнын ауыстырып, оның 25%-ы қайтадан өз орнына қайтып оралады екен. Бұдан, мамандықты таңдауда әр маман қателеспейтін деуге бола ма? Әлде өзінің болашақтағы кәсіби қызметіне жан-жақты дайындалу керек шығар? Қоғамға, адамдарға пайдасын тигізетін



мамандықтарды қалай таңдауға болады? Профессия – латын сөзінен шыққан, «professio», -анықталған іс, мамандық дегенді білдіреді. Мамандық – қарапайым өмір сүру көзі болып табылатын және қандай да бір дайындықты, жауапкершілікті талап ететін еңбек қызметінің маңызды бөлігі. Кәсіп әлемі қашан да өзгермелі, кейбір мамандықтар келмеске кетсе, жаңадан мамандықтар дүниеге келіп жатады. Оқушылар мамандық таңдап, кәсіп

иеленерде түрлі мамандықтар туралы деректерді қашан да қажет етеді. Дәл осы кезеңде қосымша білім беру педагогі бұл жұмысты ұйымдастыра алады. Мектептерде жеке адамның қалыптасуына байланысты кәсіби бағдар жұмысы аз жүргізіледі. Жалпы білім беретін мектептер оқушыларға бағыт береді. Бірақ, өмірлік ең маңызды міндетті шешу үшін ерекше толықтырылған дайындық керек. Ол міндет еңбекті өз бетінше және саналы таңдау. Әзірше мектепте арнайы мамандық таңдау бойынша оқу пәні жоқ. Ж. Аймауытұлы өзінің «Жан жүйесі және өнер таңдау» атты еңбегінде, әр адам белгілі бір кәсіптің түрін таңдап алатынын, мұнда ол өзінің тумысынан берілетін ерекшеліктерін, іс-әрекеттің қандай түріне бейім екенін аңғара алуы керек дейді. Сонда ғана ол өзіне қажетті мамандықты дұрыс таңдай алады. Мұндағы негізгі мәселе – мамандықтың әлеуметке, қоғамға қанша пайда келтіретіні. Бұл жерде, біз назар аударатын бір мәселе, мамандық таңдауда адамның тегіне, геніне байланысты жайтқа да ерекше мән беру.

Ол осыған өзінің көзқарасын білдіріп, адамға табиғат сыйлаған қасиеттермен санаспаса болмайды деп, іштен туа біткен қабілетке үлкен мән береді.

14-18 жас өзін-өзі анықтау жасы. Кім болам? Қандай болу керек? Мен не нәрсеге қабілеттім? Мен қай жерге керекпін? Міне жоғары сынып оқушыларының алдында осы сұрақ тұрады. Қызықтыратын мыңдаған мамандық бар – олар қандай? Еңбектің түрі адамнан түрлі қасиеттерді талап етеді. Бір жағдай адамнан қарым-қатынас, басқалардан бағынуды талап етсе, басқа кезде қозғалыстың мәдениетін, зейіннің өткірлігін талап етеді. Сүйікті мамандыққа сай қасиеттерді меңгермесе не істеу керек? Осындай көптеген сұрақтар оқушыға көп ойлануды қажет етеді. Шешім қабылдаудан бұрын, дербес адам тәжірибелі үлкендермен, құрдастарымен, кітаппен ақылдасады. Бірақ, әрбір жас адам шешімді өз бетінше қабылдауы керек. Қазіргі заманда жасөспірімдердің кәсіби бағдарлануы қоғамның әлеуметтік, экономикалық дамуына тәуелді болып келеді. Сонымен қатар оқушылардың кәсіби бағалануына отбасы да маңызды ықпал етеді.

Мектепте, оқушылар дұрыс мамандық таңдау үшін мамандық таңдау пәнін немесе кәсіби кеңес беруді еңгізу

керек. Дәл осы кезеңде қосымша білім беру ұйымдары нәтижелі жұмыс көрсете алады. Себебі, түрлі үйірмелерге қатысу арқылы оқушы өзі қалаған мамандықты таңдауға мүмкіндігі бар және қалаған мамандығы туралы мәлімет жинап алуға болады. Қосымша білім беру жүйесі жеке адамның шығармашылығын белсендіруге, әлеуметтік процесстердің дамуын рационалды басқаруға және даму үстіндегі қоғамның қажеттіліктерімен жас азаматтардың жеке қызығушылықтарын үйлестіруге бағытталған.



Кәсіпке бағдарлану – бұл әрбір жеке тұлғаның ерекшеліктерін және халық шаруашылығына экономикалық аудандарға, жеке салаларға қажетті сұранысы бар мамандықтарды ескере отырып жастарды еркін және өзіндік мамандық таңдауға дайындаудың ғылыми негізделген жүйесі. Бұл жүйенің негізгі объектісі бастауыш сыныптан жоғарғы сыныпқа дейінгі оқушылардың тұлғасы болып табылады. Кәсіптік бағдар бұл – бір-бірімен тығыз әрекеттесетін қоғамдық және жеке тұлғалық жоспарда жүзеге асатын күрделі динамикалық жүйе.

Елімізде жаппай орта білім беруге көшу жүзеге асырылып жатқан кезде қазіргі нарықтық экономика және жекешелендіру саясаты жүзеге асырылып жатқан уақытта әрбір орта білім алған жастар заман талабына сай өзі қалаған белгілі бір мамандықты меңгеруге бейімделуі тиіс. Олар ең алдымен, ата кәсіпке икемді болумен қатар кез-келген өндіріс орындарында, ұйымдасып жатқан еңбек бірлестіктеріне, жеке шаруа қожалығында жұмыс істей алуға міндетті және қажет.

Мектеп оқушыларына осындай бағыт-бағдар мектеп қабырғасында екі кезеңде іске асыруы қажет: біріншісі 5-9 сыныптарда мамандыққа бағдарлау болса, екіншісі 10-11 сыныпта кәсіпке оқыту болмақ. Кәсіпке бейімдеу негізінен технология

білім саласы бойынша жүзеге асырылады. Оқыту барысында технологиялық білім практикалық дағдыға үйренуге сипат алып, мектеп оқушыларын қоғамға пайдалы, өнімді еңбекке белсене қатысуға жол ашады. Дұрыс таңдау жасалған мамандық адамның икемділігі мен қызығушылығын арттырады. Осы орайда Қытай ойшылы Дэн Си «Өзіңе ұнаған жұмысты таңда. Сонда сен ешқашан жұмыс істеуге қиналмайсың» деген. Тек сонда ғана таңдаған мамандық рахат пен қуаныш сыйлайды.



Мектеп оқушыларына кәсіптік бағдар берудегі қосымша білім беру педагогінің іс-әрекеті – зерттеу құралы. Зерттеу мақсаты – оқушылардың кәсіптік бағдарындағы әрекеттерінің ерекшелігін сараптау мен қарастыру. Қосымша білім беру педагогі қызметін оқушылардың кәсіптік бағдары әдісі мен түрлерінде анықтау. Мамандық таңдау үшін адам ең алдымен өзін, өз бейімділігін тануы қажет. Ол үшін алдымен төмендегідей әдіс-тәсілдерді қолданамыз:

- баланың отбасы жағдайын зерттеу;
- ата-анасымен әңгімелесу;
- шығармашылық қабілетін анықтау;
- сауалнамалар, психодиагностикалық тренингтер өткізу.

Сауалнама арқылы оқушылардың мамандыққа, кәсіпке деген қызығушылығын анықтауға болады. Осындай сауалнамалар арқылы өздерінің қызығушылығы арқылы таңдаған үйірмелерге тартып, кәсіптік бағдарын айқындауға жол көрсетеді. Индер аудандық білім бөліміне қарасты оқушылар шығармашылық орталығында аудан орталығы басындағы мектептерден 19 үйірмеге 711 оқушы ғылыми-техникалық, эстетикалық-көркемдік, экологиялық-биологиялық, туристік-өлкетану, әскери-патриоттық, экономикалық-математикалық бағыттар бойынша үйірмелерге тартылып, тұлғаның жан-жақты дамуына, оның шығармашылық қабілеттерін ашуға, алдын

ала кәсіби бағдарлануына бағытталған жұмыстар атқарылуда, нәтиже де айтарлықтай. Мысалы: «Іскер», «Тұлпар», «Шебер» үйірмелері оқушыларды автокөлік жүргізуші мамандығына бейімдесе, «Ұшақ модельдеу», «Робокон» үйірмелері балаларды өнер тапқыштыққа, жаңашылдыққа бағдарлайды. «Сән», «Өрнек» үйірмелері балаларды тігіншілікке, тоқу өнеріне баулыса, «Ақдастархан» үйірмесі аспаздық өнерге қызығатын оқушыларды тәрбиелейді. Осы үйірменің қатысушыларын зерттеу арқылы олардың аспаз мамандығына деген қызығушылығын арттыру мақсатында түрлі іс-шаралар өткізуді мақсат етіп алдым. Аспаз мамандығы адам өмірінде жайлы жағдай тудырудың ең маңыздысы болып саналады. Аспаз өнері адамға өзінің денсаулығын нығайтуға, кейбір өнімдердің дәмдік сапасымен рақаттануға көмектеседі.

Дұрыс әзірленген тамақ – адамның жақсы көңіл-күйінің кепілдігі, өйткені тамақ адамның дене құрылымына барады, оны қуатпен және қажетті нәрлі заттармен жабдықтайды. Аспаз мамандығы қандай да болмасын салада жұмыс істейді. Тамақты жақсы дайындайтын маман барлық жерде қажет: перзентханада, балалар үйінде, зауытта, қазіргі заманғы кеңсе мен сәулетті мейманханада.



Адамдар асханаға, дәмханаға, мейрамханаға түскі асқа, демалуға, уақытын қызық өткізуге, отбасы мерекелері мен мерейтойларын өткізуге келеді. Дәмді тағам дайындау, оған көзге тартымды сипат, дәм түйсігі үйлесімін, хош иіс композициясын беру – бұл өнер, рақаттану мүмкіншілігін беру. Мұндай тағамды дайындау үшін тек белгілі бір тамақ өнімдері ғана емес, дарынды аспаз қажет. Аспаз мамандығы артықшылығының бірі өте сұранысты және тұрақты табысы табу мүмкіншілігі бар. Сонымен қатар мансапқа жету мүмкіндігі бар, аспаздың көмекшісінен беделді орында

жұмыс істейтін бас аспаз болып өсуі мүмкін.

Таңдаған мамандығының жетістіктеріне жетуге, шебері болу үшін тек жақсы оқу ғана керек емес, сонымен қатар өзінің жеке және шеберлік сапаларыңды дамыту қажет, ешбір кедергісіз алға қарай ұмтылу керек. Еңбекті әрі сүйю, әрі жүйесін тауып істей білу, одан ләззат ала білу керек. Баспалдақтардың басқыштарын тек сол жерде ұзақ тұру үшін емес, басқыштар арқылы жоғарыдан-жоғарыға үздіксіз көтерілу үшін тапқан. Сол жолда, яғни баспалдақта жақсы оқытушыны кездестірген ғана жақсы жетістіктерге жетеді деп ойлаймын.

Бала тәрбиесінің негізі – бұл оның отбасы. Осы шағын әлеуметтік топ – бала үшін өмір мектебі. Отбасындағы ата-ана баланың өмірлік ұстазы және тәрбиешісі. Баланың болашағы, білімі, мәдениеті отбасындағы ата-ананың сіңірген еңбегіне, тәлім-тәрбиесіне байланысты. Сондықтан, әрбір ата-ана өзінің баласын білімді, мәдениетті, жан-жақты етіп тәрбиелеуге міндетті. «Балаларды мамандыққа баулуда қосымша білім беру ұйымдарының отбасымен өзара байланысы».

Бала тәрбиесі ата-ана үшін күрделі де жауапты міндет. Баланың өмірге бейімделуде мектеп, ұстаз және ата-ананың орны бөлек. Тәлім-тәрбиелік жарасымдылық мектеп пен ата-ана, әлеуметтік орта бірлесіп жұмыс істеген жағдайда ғана үйлесімділік табады.

Балалардың бос уақытын тиімді ұйымдастыру, олардың күш-жігерін дұрыс бағытта жұмсау, бойында тұнып тұрған туа біткен қабілеттердің көзін ашып, өнерге баулу қай кезеңде болмасын, өзектілігін жоғалтпаған мәселелер. Баланың болашақта мықты, салауатты, сауатты, кәсіпке бейім жан-жақты тұлға болып қалыптасуына бұл факторлардың ықпалы өте зор.

Айтқалса, қазіргі таңда жасөспірімдер арасында европаға еліктеушілік, құқық бұзушылыққа бейімділік, нашарлық секілді жағдайлар белең алып бара жатыр.

Сондықтан да мемлекет баланың бос уақытын тиімді пайдалану үшін қосымша білім беру орталықтарын барынша ашуға мүмкіндік беріп қойған. Жалпы біздің мақсатымыз баланың



бос уақытын тиімді пайдаланып, шығармашылық қабілеттерін дамытып, этикалық, эстетикалық тәрбиесін жетілдіріп, өнерге баулып, ұнайтын кәсібіне бағдарлып, іс-шараларға белсене қатысуларына ықпал жасау және денсаулығы зор, отансүйгіш, адамгершілігі мол, рухани дүниесі бай азамат тәрбиелеп шығару.

Қазіргі таңда балаға таңдау көп, демалатын, оқитын жерлерде баршылық. Тек осыларды дұрыс пайдалану, дұрыс бағыт-бағдар беру біріншіден ата-ана және ұстаздар қауымына тікелей байланысты. Мектептен тыс мекемедегі білім беру үрдісінің мазмұны қосымша білім беру ұйымының педагогтері, балалар мен ата-аналардың өзара қарым-қатынасының мақсаты мен міндеттерін және оның мазмұны мен әдістерін анықтау арқылы жүзеге асады. Жанұя мен балалар мекемелері арасындағы келісімді ықпал ғана бала тәрбиесін ойлаған жерден шығармақ.

Осылайша тұлғаны тәрбиелеудегі мақсат бір жағынан өзін дамыту жолында алдына қоғамды қоятын, екінші жағынан, өзінің әрбір өскелең мүшесінен күтетін міндет-мақсаттан, яғни үйлесімділіктен және келісуден тұрады.

Бүгінгі таңдағы Қазақстанда іске асырылып жатқан реформалар жағдайында, барлық оқу орындары мен әлеуметтік тәрбие мекемелерінің барлық сатылары мен түрлерінде тәрбие және білім мазмұнына қайта қарау қажеттілігі өткір туып, әрі іске асырылуда. Өйткені дамудағы нарықтық қатынастарға еркін араласуға дайын бүгінгінің және болашақтың адамдарын тұлғалық, интеллектуалдық және кәсіби сапалық жағынан әлемдік бәсекеге қабілетті етіп даярлап шығару әсіресе тәрбие мазмұнының сапасын әлемдік даму деңгейінің жетістіктері негізінде көтеру екендігі белгілі болды. Бұл фактор

қашанда қоғам дамуының ең негізгі алғы шарты болған. Ендеше бұл күндерде нарық экономикасының талабына сай өркениетті қоғамның ерікті, бас бостандығын кез-келген жағдайда қысқа уақыт аралығында қорғай да, қарсыласын аргументті тойтарыс бере алатын ғаламдық тәрбие үлгілерімен әлемдік ғылыми жетістіктерге негізделген озық үлгідегі технологияларды меңгерген мәдениеті жоғары, жан-жақты жарасымды қалыптасқан, тұлғалық болмысын нақты іс-әрекет барысында көрсете алатын дағды, білік қалыптасқан жаңаша ойлау қабілеті дамыған дарынды дара тұлға тәрбиелеу барлық тәлім-тәрбие мекемелерінің оның ішінде қосымша білім беру ұйымдарының басты міндеті болып отыр. Қазіргі Қазақстан жағдайында бұл міндеттерді іске асыру жүйесінде оң өзгерістер байқалуда.

Қосымша білім берудің негізгі субъектісі болып саналатын мектептен тыс ұйымдар қызметі жаңа сапада қайтадан ұйымдастырылуда. Президентіміз Қ.К.Тоқаев ғылым мен білім беру қызметкерлері алдына көптеген іргелі жолдардың бірі ретінде өтпелі ауыр кезеңде орынсыз жабылған балалардың әлеуметтік-тәрбие мекемелерін қайтадан қалпына келтіріп ұрпақ игілігіне асыруда қатаң талапқа қойуы өз жемісін беруде. Есепті үйрететін, реттейтін, оңтайландырудың оңай жолын табуды көрсететін зертхана нысанына балалардың тәрбие мекемелерінің айналуына бұдан былай ешқандайда да жол берілмейтінін кезекті халыққа жолдауында атап айтты. Нәтижеде бұрындары жекешелендірілген балалар мекемелері қайтарылуда, жаңалары ашылуда, оларда жаңаша жұмыс жолдары, жағдайы, амалдары қарастырылуда. Жаңа міндеттердің бәрі тек қана тәрбие жұмыстарының жаңа формалары мен әдістері арқылы ғана шешілуінің мүмкін еместігі басшылыққа алына отырып тәрбие процесіне педагогикалық озық тәжірибелерді қайтадан зерделеп салыстыру арқылы пайдалану да іске асырылуда.

Қорыта айтқанда қосымша білім беру ұйымдары жұмысының әлеуеті: балаларды жалпы адамзаттық құндылықтарға бағыттаудан – Адам, отбасы, еңбек, білім, мәдениет, әлем, жер тұтастығының әсерін түсіндіру.

Ендігі басты міндет қосымша білім берудің ерекшеліктерін ескере отырып, қосымша білім берудің өз нәтижесі мен оны анықтаудың өз әдістемелерін жетілдіре, дамыта түсу қажет.

#### Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Е.О. Омар. Қазақстандағы мектептен тыс мекемелер: Қалыптасуы және дамуы.- Алматы: Рауан, 2003, 297 б.
2. Е.О. Омар. Қосымша білім беру ұйымдары тәрбие жұмыстарының негізі. – Түркістан; 2004, 248 б.
3. Үздіксіз тәрбиенің тұжырымдамасы. – Алматы РБК. 1998.-32 б.
4. Б.А. Тұрғынбаева. Мұғалімнің шығармашылық әлеуметін біліктілікті арттыру жағдайында дамыту.: теория және тәжірибе // Алматы. 2005, 174-б.
5. К.Құдайбергенова.Құзырлылық – тұлға дамуының сапалық критерий «білім сапасын бағалаудың мәселелері: әдіснамалық негізі және практикалық.
6. Ж. Тұрманова Жасөспірімдер белсенділігі мен кәсіптік бағдары.
7. Қазақстан мектебі.-2013, 89-91 б.
8. Тәрбие құралы.-2013, 32-36 б.
9. Қазақстан мектебі.- 2011, 50-52 б.
10. Ұлт тағылымы.-2014, 256-259 б.
11. Сыныптан тыс тәрбие жұмысы 2014.
12. Егемен Қазақстан, № 11, 2014. 1 б.
13. Жолмұқан Түрікпенұлы. Кәсіптік бағдар. Алматы: Санат, 1995-145 б. 1 4 . Мектеп және мамандық таңдау. Мектеп баспасы, Алматы: 1973-207 б. 15. Чистяков Н.Н. Еңбек пәні мұғаліміне оқушылардың кәсіптік бағдары туралы. - Алматы: Мектеп, 1988-176 б.

## ДӘУЛЕТКЕРЕЙ ШЫҒАЙҰЛЫНЫҢ ТУҒАНЫНА - 200 ЖЫЛ

**Шуақбаева Гүлбар Тұрланқызы,**

Батыс Қазақстан облысы, Жаңақала ауданы, Қали Жантілеуов атындағы балалар саз мектебі, домбыра сыныбының жоғарғы санатты оқытушысы

Биылғы 2020 жыл тарихи уақиғаларға толы жыл болды. Соның ішінде қазақ музыка әлемінде Ғұлама Әл-Фарабидің 1150 жылдығы, Ұлы Абайдың 175 жылдығы, Дәулеткерейдің 200 жылдығы аталып өтуде. Әр саланың маманы өз бағытына қарай талғаммен тәрбиелік шараларды жоспарласа, оны насихаттаса ғалымның хаты өлмейді дегендей ұрпаққа қаншама тәлім үйретер еді. Саз мектебі мамандары үшін жоғарыда аталған атаулы тұлғалар дүниесі тікелей жұмысымызға қатысты. Сынып оқушыларымен Абайдың күйлерін, ата-аналармен Абайдың қара сөздерін, ұстаздармен Абайдың әндерін, буктрейлер түрінде Абайдың төрт күйін саз мектебінде оқыту жобаларымен өткізген болатынмын. Кезек лирикалық күйлердің авторы, Бөкейлік Дәулеткерей бабамызға келді. Саз мектебінің өз сыныбымда оқитын оқушыларыммен мүмкіндігінше фейсбук парақшасы арқылы онлайн- концерттік бағдарлама бердім.

Дәулеткерей (Бапас) 1820 жылы Бөкей Ордасында, Қарамолада дүниеге келді. Оның әкесі Шығай ауқатты, өте бай, төре тұқымынан болды. Дәулеткерей кішкентайынан аңыз-әңгімелерге, өнерге жақын болды. Ол Байжұманың, Баламайсанның, Соқыр Есжанның күйлерімен бала жасынан танысады. Ауыл молдасынан дәріс алады, өсе келе, Бөкей Ордасының ханы болған Жәңгірдің сарайында көптеген шығыс классиктерінің кітаптарын оқып, өз білімін шыңдайды. Әкесінің тілегімен әкімшілік құру жұмыстарына араласады. Дәулеткерей домбыраға құмар еді. Ертебастан қолына аспап алып, бір нәрсені шатпақтап тарту талабын көрсете берді. Бір жағынан молдадан оқып, хат танып, ептеп жаза біліп, екіншіден бірен-саран кездескен ауыл ақсақалдарынан домбыра үйреніп, жас талапкер салған жерден өнер жолына ауысты. Осы кезде Бөкей хандығында атақтары жайылған Соқыр Есжан, Байжұма, Баламайсан сияқты домбырашылардың күйлері, олардың орындаушылық сынынан өткен шығармалар үйбасы дегендей естіліп, жас Дәулеткерейдің де құлағына жеткен болатын. Міне, осының бәрі де Дәулеткерейдің ойының, мақсатының музыка айналасына қарай тоғысуына туған айта қалғандай жағдай болды. Қырқыншы жылдардың басында Жәңгір Ордаға Бөкей хандығының орталығы, халық аузында «Ханбазар» атанған рояль алдырады. Жас талапкер Дәулеткерей ойнап жетістірмесе де, ол сияқты әмбебап аспапты ерте көріп, оның қасиетін таниды. Оның үстіне Саратовтан әртістер тобы Ордаға келіп спектакль, концерттер қойып, жас күйшінің орыс өнерімен ерте танысуына тағы бір жағдай туады.

Күйшінің алғашқы шығармаларының бірі «Қыз Ақжелең» күйі болды. Басқа қазақтың халық композиторлары сияқты Дәулеткерейдің де жазылып қалған шығармаларының хронологиясы жоқ. Көбіне олар Дәулеткерейдің жолын қуған домбырашылардың аузына мағұлматтарынан алынғандар.



Енді осы «Қыз Ақжелең» күйінің тарихына қысқаша тоқталып өтейік: «Бөкей өресінде Ақбала қыз деген домбырашы болыпты. Дәулеткерей «Қыз Ақжелең» күйін сол қыздың қаранғылықты жарып шығып, домбыра өнерін қуып, әйелге деген шектен озып, көзге түскеніне риза болып шығарса керек». Ақбала қыз Дәулеткерейден бірқатар күй тыңдап, риза болып қалады. «Қыз Ақжелең» үш вариантта тартылады. Оркестрде, жеке домбырада да соның бір-ақ түрі орындалып жүр.

**Дәулеткерейдің күйі «Қосалқа».** Орындаған - Мариям Гималайқызы. Күйдің шығу тарихы атынан белгілі қыз баланың шашына байлаған шашбауының сылдыры, қос алқасының сыңғыры. Бұл күйдің екі түрі



бізге жетіп отыр.

**Дәулеткерей «Құдаша».**

Орындаған: Ғұмар Еркебұлан.

Дәулеткерейдің «Қыз Ақжелең», «Құдаша», «Ысқырма» «Керілме», «Ақбала қыз», «Бұлбұл», «Көркем ханым» күйлері лирикалық әуені басым, сырлы сезімге толы болып келсе, «Топан», «Салық өлген», «Охота», «Шолтақ», «Жігер» қатарлы туындылары терең ойға, философиялық толғанысқа құрылған. Орда төңірегінде Баламайсан, Мүсірәлі, Байжұма, Арынғазы сияқты дарынды күйші-домбырашылар болды. Ал Дәулеткерейдің ізін баса шыққан Әлікей, Түркеш, Салауаткерей, Сейтек сынды дәулеткерей күйшілер Дәулеткерей алтын діңгегі болған

осы бір күйшілік мектептің орнығуына өз үлестерін қосты. Дәулеткерей күйлерінің жеткізушілері – Науша, Махамбет Бөкейхановтар. Ал жеріне жеткізе орындап, жаздырып, насихаттап, кейінгіге мұра қылып қалдырған әйгілі домбырашы Қали Жантілеуов болды.

**Дәулеткерей «Көркем ханым».**

Орындаған: Гүлбар Шуақбаева.

Дәулеткерейдің бәйбішесі сұлу және ерке болған деседі. Бірде жарының көркіне, ұнамды қылығына риза болған Дәулеткерей бір жақсы күй шығарып, осыны саған бағыштадым дейді. Алайда, бәйбішесі күйді ұнатпай қалады. Осы кезде үйге кіріп-шығып қызмет қылып жүрген Дәулеткерейдің жақсы жеңгелерінің бірі әңгімені құлағы шалып қалып, «Төре қайным, ерке тотайыңның кәдесіне жарамай қалған бұл күйді маған сыйла» депті. Сонда Дәулеткерей біраз ойланып отырып, «олай болса бұл күйдің аты «Жеңгем сүйер» болады. Күй саған бағышталады», - деген екен. Арада біраз уақыт өткеннен кейін Дәукең және бір тамаша күй шығарады. Бұл жолы бәйбішесі ол күйді ұнатады. Бұл күйге «Көркем ханым» деген ат қойылады.



**Дәулеткерей «Жеңгем сүйер».**

Орындаған: Назерке Ғұбашева.

Орыс мәдениетімен танысу, Құрманғазы сияқты шын мәнісіндегі халық ұлымен түсінісу, күй алысу шығармашылық жағынан да үлкен әсер етті. Осы бір кезде «Тартыс күйі», «Шолтақ», «Топан», «Бапас күйі», «Ат қалған», «Жігер», күйлері шықты. «Топан» күйінің шығу тарихы былай; Күйшінің Топан атты бүркіті кетіп қалып, біраздан кейін қайтып, үйінің төбесінде айнала ұшып жүргенін көріп шығарған екен. Қалай болғанда да, «Топан» күйі Дәулеткерейдің



шыныққан шығармаларының бірі.

Құрманғазы мектебінің жігерлі екпінін, Дәулеткерей дәстүрінің философиясын, ақсүйектік нәзіктігін терең меңгерген күйші. Оның шығармашылығында Құрманғазы дәстүрінде басталған жанрлық және тақырыптық жаңашылдықтар жалғасын тапты.

Орындаушылық шеберлік жолын меңгеріп, тәлім-тәрбие алған қазақтың аспапты музыкасының көрнекті өкілі Дәулеткерей классик халық композиторларының әрқайсысының өзіндік мектебі, орындаушылық шеберлік жолы бар. Композитор әрбір шығарманы алған тақырыбына қарай баяндап жеткізуде өзіне тән ерекшеліктерді пайдаланды.

Дәулеткерей күйлерінің тақырыптылығы қазақтың аспаптық музыкасында лирикалық күйлер бағытын қалаған сазгер. Оның күйлерінің тарихы пайда болу, даму жолдары, күйдің өмір шындығын бейнелеудегі өзіндік ерекшеліктері, тақырыбы жағынан алсақ алуан түрлі. Оның терең психологиялық әйелдер образын сомдаған «Қыз Ақжелең», «Қаражан ханым», «Қосалқа», «Құдаша», «Мұңды қыз», «Ақ бала қыз», «Көркем ханым», «Бұлбұл», «Қос ішек» күйлері нәзік лирикалық шер шертеді.

Дәулеткерейдің домбыраны баптап ұстау жәйлі айтқандарының өзі де құрметтеуді керек ететін жәй. Дәулеткерей аспапты жаздың күні киізге орап, саңдыққа салып қояды екен. Үнемі кешкітұрым салқын түскен кезде ғана алып тартады екен. Дәулеткерейдің перне байлаудағы, тиекті орналастырудағы, тиек артындағы баспаны қаттаудағы тағы басқа, сол сияқты аспаптың үнемі бабын келтірудегі түйіндері осы кезге дейін өзінің мәнділігін жойған жоқ. Орындау әдісіне бұл айтылғандардың сырттай қарағанда, тікелей байланысы жоқ сияқты болып тұрғанымен, шынына келгенде, бапсыз жүйрік те шаппайды, бапсыз не бір құмай тазы да еш нәрсе ұстай алмайды, бапсыз әншінің дауысы да шықпайды, бапсыз аспап та сөйлемейді.

Дәулеткерей қос ішектен сайрата отырып, домбыра күйлерін ілгері дамытуда кейшпі ұрпақтарға үлкен өнеге, өшпес мол мұра қалдырды.



#### Дәулеткерей «Көрұғлы».

Орындаған: ансамбль.

Қазақта «Ақыл ауыс, ырыс-жұғыс» деген әдемі сөз бар. Бұл көрші жатқан елдердің бір-біріне рухани ықпалының болып отыратынын, қоңсылдық қайырымды меңзеген сөз. Қазақ пен түркімен жапсар жатқан елдер. Сондықтан да, рухани ортақтық, өнер жолында өзара ықпал етушілік қашаннан орныққан дәстүр. Бұл дәстүрден Дәулеткерей де шет қалмаған. Ол түркімен тақырыбына арнап «Нар иген», «Тәштит», «Көрұғлы» сияқты күйлер шығарған.

Дәулеткерейдің «Көрұғлы» күйінің аңыз әңгімесі Орта Азия халықтарының арасында кеңінен тараған әйгілі «Көрұғлы» дастанының оқиғасымен тамырлас болғанымен, күйдің шығу себебі күйші өмірінің бір сәтімен байланыстырыла айтылады.

Бірде, ауылы аралас, қойы қорлас жатқан, төсекте басы, төскейде малы қосылған түркімен ағайынға Дәулеткерей қонақтап барып қайтыпты дейді. Сонда ауылдастары алдынан шығып, абыройлы ел ағасының олжасын қызықтамақ ниет білдірсе керек. Бұған оң шырай танытқан Дәулеткерей: «Уа, ағайын, сөзіме құлақ сал! - депті. Түркімен ағайынның көңілінде көлеңке жоқ екен. Мал беріп еді – өледі деп алмадым, дүние беріп еді – тозады деп алмадым. Бірақ, құр қол қайтқаным жоқ. Осы сапардың бір белгісі болсын деп, өлмейтін, тозбайтын күй шығарып қайттым!» – деген екен.

Дәулеткерей «Салық өлген». Орындаған: Әлихан Серікқали.



XIX ғасырдың 60-жылдары Дәулеткерей Қызылқұрт, Масқар, Төлеңгіт, Шеркеш руларын және Бөкей хандығындағы қалмақ бөлімін басқарады. Осыдан кейін Дәулеткерей ел басқару ісінен біржола босайды. Осы жылда этнограф-ғалым Мұхамед-Салық Бабажановпен жақын дос болады. Досы өмірден өткенде қазасына қатты қайғырған күйші «Салық өлген» атты күй шығарады.

Халқының осы қасиеттерінен көп зарлап шеккеннің бірі – Дәулеткерей. Оның жазығы сол – атақты Әбілқайыр ханның ұрпағы! Әбілқайырдан - Нұралы, Нұралыдан - Шығай, Шығайдан - Дәулеткерей!..

Оның үстіне Дәулеткерей біраз жыл ноғай, серкеш, қызылқұрт руларының, кейін қалмақ жағының сұлтаны болды. Бар «кінәсі» осы. Жеті атасына дейін жермен жексен етуге біздің қазақ үшін осының өзі-ақ жетіп жатыр. Төре тұқымы, ақсүйек Дәулеткерейдің бүкіл әулеті кеңес үкіметінің теперішін көрді. Дәулеткерей - Қазақтың маңдайына біткен ұлы тұлға. Күй өнеріндегі лирикалық, философиялық дәстүрдің көшбасшысы.

Дәулеткерей күйлері тек өз заманында ғана бағалы болып қоймай, біздің заманымыздың музыка құрылысына да кірпіш болып қаланды. Қазақстан композиторлары өздерінің шығармаларына мысалы: «Қыз жібек», «Ер Тарғын», «Абай», «Төлеген Тоқтаров» операларына, аспапты ансамбльдер үшін жазылған поэма, сюиталарда Дәулеткерейдің күйлері үлкен орын алды. Оның шығармалары Құрманғазы оркестрі репертуарының қорынан орын алды. Дәулеткерей ұлы тұлға, оның күйлері бұл күнде тек Қазақстан емес, алыс-жақын елдердің жер-жеріне, дүние жүзіне де тарады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Қ.Ахмедияров «Дәулеткерей».
2. Қ.Ахмедияров «Табыну».
3. «KAZINFORM Халықаралық Ақпараттық Агенттігі» [https://www.inform.kz/kz/kazak-onerinin-sanlaktary-dauletkerrey-shygayuly\\_a2693115](https://www.inform.kz/kz/kazak-onerinin-sanlaktary-dauletkerrey-shygayuly_a2693115).

## РАЗВИТИЕ МАТЕМАТИЧЕСКИХ СПОСОБНОСТЕЙ У ДЕТЕЙ С ОСОБЫМИ ОБРАЗОВАТЕЛЬНЫМИ ПОТРЕБНОСТЯМИ

**Бидайбаева Алмас Айтбековна,**

ГККП «Дом школьников №7» Управления образования г. Алматы,  
педагог дополнительного образования отдела инклюзивного дополнительного образования



Поведение некоторых знаменитых людей явно отмечено аутистическими чертами: здесь можно вспомнить и Билла Гейтса, и Исаака Ньютона, и Альберта Эйнштейна и даже Стивена Спилберга. Похоже, Альберт Эйнштейн догадывался, что принадлежит к категории людей необычных, ведь однажды он сказал: «Не стоит расстраиваться из-за того, что математика дается вам с трудом. Уверяю вас, для меня это вообще китайская грамота».

Как и у всех детей, у ребенка с аутизмом есть свои сильные и слабые стороны, свои взгляды на жизнь, им могут нравиться и не нравиться совершенно разные вещи. Не существует единственно верного педагогического подхода, который бы идеально подошел для каждого. Но многие классические программы по обучению математике и педагогические приемы из этой сферы могут быть адаптированы с учетом индивидуальных особенностей и интересов ученика, так чтобы математические действия и понятия приобрели для него значение.

Основу математики в большей степени составляют манипулятивные навыки и навыки визуального восприятия, и только затем – навыки понимания речи. Сложнее всего детям с аутизмом дается понимание так называемого «языка математики» (слов, которые описывают математические действия и понятия), решение задач (особенно переход от текста самой задачи к математическому решению), понятие о вычислениях. В школах математику традиционно преподают «устно». Для ребенка, который плохо понимает речь, словесное представление математических понятий является дополнительной трудностью. Таким образом, мы скорее всего достигнем успеха если дадим ребенку возможность буквально «увидеть» математические понятия и действия.

Для продуктивного обучения детей очень важным бывает поддержание некоторых принципов построения каждого занятия. На этапе начала обучения детей с расстройством аутистического спектра очень важно поддержание единого алгоритма урока внутри одного предмета. Это означает, что первое время каждый урок должен содержать в себе единые структурные компоненты (например, повторение, подача нового материала, самостоятельная работа и т.д.). Со временем, в устоявшуюся структуру можно подключать новые элементы, такие как: работа в парах, группе, работа у доски, работа с компьютером, работа в тетради, и т.д. Важно понимать, какую часть урока, ребенок «включен» в происходящее, в какой момент необходимо дать отдохнуть, переключить на другую деятельность или взять паузу. Это даст возможность ребенку переключиться, снять мышечное напряжение и энергетически восстановить силы. Несмотря на то, что у каждого из детей есть индивидуальная программа обучения, многие из детей обучаются в одной группе. Поэтому очень важно так подобрать размер задания, чтобы дети заканчивали занятие одновременно. По окончании занятия, можно подводить итог.

На занятиях математики мы изучаем следующие разделы:

1. Сложение и вычитание. Это увеличение и уменьшение чисел на 1, 2, и другие

числа в пределах 100, использование знаков + и -. Пока работаем над сложением +1, +0. Для обучения использую д/игры «Составим поезд», «Найди число», «Собери цветок», «Математический футбол» решаем примеры в тетрадах, работаем с линейкой увеличивая число на 1, 2.



2. Временные понятия. Изучаем сезонные явления, единицы времени, определение времени с точностью до часа, получаса, минут. Деловые игры «Вчера, сегодня, завтра», «Режим дня», «Живая неделя», «Когда это бывает», пользуемся моделью часов определяя число, месяц, время года, погоду на данный момент.

3. Пространственные представления. Знакомимся с понятиями: больше-меньше, выше-ниже, уже-шире, далеко-близко, слева-справа, верху-внизу и другое. Д/игры «Отгадай, кто где стоит», «Расскажи про свой узор», «Художники» и т.д.

4. Больше или меньше. Счет и сравнение предметов, использование



математических знаков  $<$ ,  $>$ . Д/игры «Какой игрушки на стало?», «Больше или меньше», «Сравни».

5. Счет и числа. Учу детей различать цифры и считать до 5, до 10, до 15, до 20, 100 по одному и парами. Использую разнообразный счетный материал это- палочки, скрепки, карандаши, кубики, природный материал, карточки с предметными картинками, развивающие игры: «Считай дальше», «Назови соседей», «Отгадай, какое число пропущено».

6. Соотношение числа и количества. Считаем количество предметов и обозначаем их числом. Деловые игры «Найди столько же», «Молчанка», «Домино», «От 1 до 10».

7. Одинаковые, разные. Сравнение предметов выделение их характерных признаков. Деловые игры «Дорисуй», «Бабочки и цветы», «Угостим белочек грибами».

8. Национальная валюта РК, ее номинал и размен. Учимся называть и различать




монеты разного достоинства, позже и купюры. Пробуем набирать из монет различную сумму, разменивать. Этому способствуют следующие игры: «Построй башню», «Собери монетки», «Магазин».

9. Геометрические фигуры. Использую дидактические игры «Танграм», «Кому какая форма», «Найди такой же», «Какие бывают фигуры», «Посмотри вокруг», «Геометрическая мозаика», презентации, и др. Учу различать и сравнивать предметы разных форм в окружающем мире, называть их характерные признаки, составлять из них заданный предмет по образцу. В будущем планирую научить чертить простейшие фигуры, определять длину сторон, пользоваться линейкой.

При работе на уроке я использую следующие 4 этапа, которые можно немного изменить, в зависимости от уровня обучаемости ребенка и целей:


1. Устный счет (повторение и закрепление изученного ранее);
2. Новый материал;
3. Работа с компьютером;
4. Письмо.

Каждый день использую компьютер. С помощью него мы с ребятами работаем над презентациями. Знакомимся с новыми понятиями и терминами, развиваем пространственные представления, временные явления, знакомимся с величинами, учимся различать и называть геометрические фигуры, развиваем навыки устного счета. Еще компьютер помогает дольше удерживать внимание ребенка, заниматься и правильно сидеть за партой, т.к. не секрет то, что многим нашим детям очень тяжело усидеть на одном месте. Также работая с компьютером, использую песенки- считалки,



математические игры онлайн, раскраски по номерам онлайн, игры на сложение и вычитание.

Часто у детей не очень хороший почерк. Детям с моторными трудностями и особенностями письменной речи целесообразно предоставить возможность устного сообщения. На данный момент существует большое количество специальных учебных пособий, приспособленных для коррекции различных трудностей обучения. Для коррекции письма рекомендуется использовать специальные насадки на ручку, трафареты и ограничители.



Обязательно на занятии готовлю руку ребенка к письму используя прописи, тетради и математические узоры. Обращаю внимание на правильную позу во время работы. Конечно, не всегда все, что запланировано получается. Много зависит от эмоционального состояния ребенка, в каком настроении он сегодня пришел, от его физических возможностей. Требовать от ребенка выполнения неинтересных или более сложных заданий следует осторожно и дозированно, так как постоянное напряжение приводит к соматическим или психологическим проблемам. Учитывая неловкость рук такого ребенка, мы должны подбирать для него задания так, чтобы он чувствовал в них свою состоятельность, чтобы работа не была особенно трудной, а эффект был ярким. Почти всем детям необходимо проговаривать последовательность своих действий вслух. Учите детей говорить тихо, вполголоса, шептать «губами», чтобы не мешать другим. Но не запрещайте детям говорить вслух – через внешнюю речь происходит осмысленное освоение нового и трудного

материала.

Как же приучить такого ребенка самостоятельно работать. Предлагаю несколько пунктов, которые помогут освоить самостоятельную работу.

Обучение самостоятельной работе:

1. Объяснение задания, которое надо будет сделать;
2. Убедитесь, что ребенок правильно понял задание и готов к его выполнению;
3. Если не понял повторите еще раз;
4. Если ребенок не начал выполнять задание даже после повторения инструкции, попробуйте выполнить с ним задание;
5. При последующем предъявлении подобного задания подключите к работе тьютора;
6. Во время самостоятельного выполнения заданий не упускайте из вида ребенка;
7. Обязательно похвалите за самостоятельную работу.

То, что не подкреплено наглядностью или практическим действием, не запоминается ребенком. Для обучения детей с расстройствами аутистического спектра очень хорошо подходит китайский принцип: «я слышу, и я забываю, я вижу, и я запоминаю, я делаю, и я понимаю». Весь учебный материал должен подкрепляться визуальным рядом. Использовать как можно больше наглядности.

Хотелось сказать несколько слов о родительском контроле, который необходим, для того чтобы процесс обучения был эффективным. Часто бывает, что дети приходят не выспавшиеся, нервные, голодные. Некоторые родители не соблюдают режим дня, который необходим ребенку. Разрешают дома делать все, что можно и нельзя и хотят, чтоб процесс обучения проходил качественно и с быстрыми успешными результатами. Разрешают и приучают дома постоянно пользоваться гаджетами, чтобы ребенок им не мешал. А мы должны развить его всесторонне и научить видеть окружающий мир со всеми его красками. Это все естественно влияет на процесс обучения. И именно нам приходится учить ребенка просто сидеть за партой, самостоятельно работать и выполнять простейшие трудовые поручения, элементарные бытовые и гигиенические навыки.

В заключении хотелось бы сказать, планируя занятия такого ребенка, необходимо помнить о его высокой психической пресыщаемости, легком физическом истощении. Поэтому для него важно организовать индивидуальный адаптированный ритм занятий, возможность своевременного переключения и отдыха. Это можно сделать даже в условиях работы в кабинете, спланировав для такого ребенка возможность временно выйти из общего ритма, а затем вернуться к общим занятиям. В условиях данной группы детей эту часть работы выполняет сопровождающий ребенка психолог.

## ҚҰРМЕТТІ ӘРІПТЕСТЕР!

«Қосымша білім және тәрбие» педагогтерге арналған республикалық оқу-әдістемелік журналы бүгінгі таңда еліміздегі балаларға арналған қосымша білім беру жүйесінде жалғыз республикалық басылым болып табылады.

«Қосымша білім және тәрбие» журналының мерзімдік шығарылымы: 1 жылда 4 рет қазақ және орыс тілдерінде.

Журналда оқу-тәрбие үдерісіндегі инновациялар мен инновациялық технологиялар жөнінде мақалалар және тағы басқа материалдар жарияланады. Біздің журналымыздың оқырмандары – жалпы орта, қосымша (оқушылар үйі, сарайы, балалар мен жасөспірімдер шығармашылығы орталығы; жас натуралистер, туристер, техниктер станциялары; балалар өнер мектебі, балалар музыка мектебі, балалар көркемөнер мектебі; балалар аула клубы және т.б.), кәсіптік және техникалық білім беру ұйымдарының, балалардың қоғамдық ұйымдарының педагогикалық қызметкерлері.

Журнал редакциясының келісімі бойынша Сіз ұйымның қызметі туралы және мерейтойлық материалдарды жариялай аласыз.

Сіз толық ақпаратты 8 (7172) 64-27-31 телефоны немесе e-mail: k.jurnal@mail.ru арқылы біле аласыз

## УВАЖАЕМЫЕ КОЛЛЕГИ!

Республиканский учебно-методический журнал «Қосымша білім және тәрбие» для педагогов на сегодняшний день является единственным республиканским изданием в системе дополнительного образования детей в Казахстане.

Периодический выпуск «Қосымша білім және тәрбие»: 4 раза в год на казахском и русском языках.

В журнале публикуются статьи об инновациях и инновационных технологиях в учебно-воспитательном процессе и другие материалы.

Читатели нашего журнала – педагогические работники организаций общего среднего, дополнительного образования детей (дворец, дом школьников, центр детского и юношеского творчества; станции юных натуралистов, туристов, техников; детская школа искусств, детская музыкальная школа, детская художественная школа; детский дворовый клуб и др.), технического и профессионального образования, детских общественных организаций.

По согласованию с редакцией журнала Вы можете опубликовать юбилейные материалы и о деятельности организации.

Более подробную информацию Вы можете получить по телефону: 8 (7172) 64-27-31 или e-mail: k.jurnal@mail.ru